

**Астана қаласы әкімдігінің
«Д.Конаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МҚК
Мектепішілік ата-аналар жиналысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

24 қазан 2022 жыл
Катысушылар саны: 232

Күн тәртібінде:

1. «Отбасы – тәрбиенің басты ұясы» - ТІЖО Бейсекова Т.Б
 2. «Дарын жеке жетілмейді, дарындар сайыса журіп, бірін-бірі жетелейді» - ДБІЖО Култаева А.Ж
 3. «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас» - мектеп психологы А.Нуриманова

Тындалды:

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейсекова Толқын Батыrbайқызы сөз алды: Бұғінгі жиналышқа қатысып отырған ата-аналар және күрметті қонақтар. Алдарыңызға ұсынылып отырған алма ағашына назар аударайык. Ия, осы алма ағашымыз мектеп болса, ондағы жас жеткіншек жемісі деп қарап, жемісі шырынды болу үшін, білімді, тәрбиелі, адамгершілігі мол азамат қалыптасуы керек. «Ырыс алды ынтымак демекші», ынтымак – істі бітірер, ата-анамен ұстаз арасындағы байланыс жалғасын тауып жатса, нұр үстіне нұр. Қандай азамат қоғам мүшесі? Сол болашақ қоғамның қандай болуы, ғұғінгі мектептегі тәрбиеден басталады. Осы бағытта мектебімізде жүйелі жүргізіліп келе жатқан өзін-өзі, бірін-бірі бағалау диагностикасы әр жыл аяғында жүргізіліп, сол бойынша жаңа оқу жылына жоспар құрамыз. Ол - әр түрлі критерийлерден тұрады. Солардың ішінен ғұғінгі пікіралыс: тәрбие, деңсаулық, оқу, ұқыптылық бағыттары талқыланады. Осы зерттеулерге сәйкес адам бойындағы адамгершілік асыл қасиеттеріне арнағым келеді. Адамгершілік тәрбиесі – адамның моральдық қасиеттерін, мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен санасты белгілі бір мақсатқа бағыттап қарастыру. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына, ең алдымен, Отанға, елге деген сүйіспеншілік, борыш сезімін тәрбиелеу, жолдастық, достық, жанашырлықта баулу, үлкенді сыйлау, тыңдау, беделін мойындау, енбек адамдарын құрметтеу, қамқорлық жасау, адалдыққа, шыншылдыққа, қарапайымдылыққа, мақсаттылыққа, табандылыққа, белсенділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу жатады. Осы тәрбиенің негізгі жолы – оқу процесі мен окушылардың қунделікті өмірін, іс - әрекетін тиімді тәрбие шараларын ұйымдастыру. Адамгершілік тәрбиесі имандылық тұрғысынан, адамның барлық әрекетіне, әдетіне және барлық мінез-құлқына дұрыс бағыт беріп, жөн сілтеп отыратын, Отанын, халқын сүюге үйрететін тәрбие. Окушылардың адамгершілік тұралы түсінігі мол болғанымен, тәжірибеде іс - әрекеті, тәртібі біліміне сәйкес келмейтін жайлар кездеседі. Олар жақсы, жаман әдеттерді білгенімен, оны өз өміріне сәйкестендіре, тәртібінде іске асыра алмайды. Өйткені ережені есте сақтау оңай, да оны іске асыру кын. Сондықтан

адамгершілік жайында түсінік білім берумен қатар дұрыс тәртібін, іс - әрекетін үйімдастыруды көздейді. Өйткені бүгінгі бала - ертеңгі ата - ана, бала тәрбиелеуші ұлт рухындағы халық өкілі, ел намысын қоргаушы, ата - бабаларымыздың ісін жалғастыруши мәңгілік құш.

Отан - отбасынан басталады демекші, тәрбиенің бастауын ата - аналардан бастайық. Бүгін сіздер «Отбасы – тәрбиенің басты ұясы» атты ата - аналар жиналысына жиналып отырсыздар. Мұнда 4 - бағыт бойынша жұмыс істейді.

- 1) тәрбие бағыты,
- 2) денсаулық бағыты,
- 3) оқу бағыты,
- 4) ұқыптылық бағыттары.

Ата - аналарды топқа бөліп, тапсырма берілді, қолдарындағы қағаз бойынша топ жетекшілерін сайлады, топты таныстырды.

Бүгінгі біздің мақсатымыз: мына алма ағаштағы жеміс – баламыз деп, қарал суыққа үсітпей, құртқа жегізбей, шырынды да, тәтті алма қылып өсіруіміз керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Култаева Айгерім Жарқынбеккызы сөз алды:

Жаңа оқу жылы бастала салысымен оқушыларымыз мен ұстаздарымыз түрлі деңгейдегі білім бәсекесіне қатысып, жақсы жетістіктерге жетіп мектебіміздің білім, өнер, спорт саласындағы беделінің артуына өзіндік үлестерін косты. «Дарын жеке жетілмейді, дарындар сайыса жүріп, бірін-бірі жетелейді» дегендегі, оқушылардың алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде сарапка салды. Соның нәтижесінде 2022-2023 оқу жылында мектебіміз: - Республикалық «Бастау» турнирінің қалалық деңгейінде «БАС ЖУЛДЕ» иеленіп, Алматы қаласында 08.06.2023ж. – 13.06.2023 ж маусым аралығында өткен Республикалық «Бастау» турнирінде 2-орын; Математика пәнінен 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінде командалық есеп бойынша «Бас жүлде»; Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары «Ен үздік олимпиадалық команда -2023» қалалық кезеңінде 3-орын; Математика пәнінен 3-4 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінде командалық есеп бойынша 2- орын; 5-6 сынып оқушылары арасында қалалық жасөспірімдер олимпиадасында «Ен үздік мектеп» болып 1-орын иелендік. Өткен оқу жылында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, талай додаларды женген білімді де, білікті ұстаздарымыз: - «Үздік жыл психолог- 2022 жыл» Жұманқызы Алмана. Авторлық бағдарлама бойынша ұстаздарымыз қатысып, жүлделі орындарға ие болды. ҚР Оқу-агарту министрлігінің «Дарын» РҒПО 2023 жылдың 1-3 наурыз аралығында Алматы қаласында «Дарынды балаларға-таланты ұстаз» педагогикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде Д. Қонаев атындағы № 66 мектеп- лицей жас маманы ағылшын тілі пәні мұғалімі Кабиева Малика Амировна жүлделі I орын иеленді. Олимпиадаға мектебіміздің 35 жасқа дейінгі математика пәні мұғалімдері қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, I орын- Әмірбаева Әсел Мейрамғалиқызы; II орын- Танатар Бағавал; III орын Калжанов Қанат Куанышұлы иеленді. Лицейдің озық тәжірибелерін вебинар,

онлайн сабактар мен семинарлар арқылы таратуды жүйелендіру; Мектебімізде Халықаралық жобалар SHARE, STEM Ай би PYP, Зерттеу мектебі педагог-окушы-стратегиялық серіктес: салауатты тамақтану (Нестле), Global scholars (“Көк майса” жобалық оқытуды енгізілген. Осы жобаларды жандандырып байқауларға қатысу, іс-тәжірибе тарату; Осы жұмыстарды орындауға біздің ұжымның ұстаздарының шығармашылығы да, білімі де біліктілігі жетеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп психологиялы Нуриманова Аяулым Кенжебекқызы сөз алды:

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көніл бөлу, туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастыру. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды менгереді. Әрине, қарым-қатынас аппарат алумен ғана шектелмейді, оның шебері аса кең, көп қырлы. Спектакль көрсекте, лекция тындасада та, достармен сөйлессек те, осының бәрі – қарым-қатынастың сан алуан қырлары болып есептеледі. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады. Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынаска түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау – біртіндеп оның қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр. Сейтіп, басқалармен қарым-қатынаска түсу – қай жастағыларға болмасын, оған киім-кешек, баспаңа қалай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Мәселен, адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау – жазаның ең ауыр түрі екендігіне шұбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым-қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды акпарат алмасу деген сез. Корыта келе, отбасында орнықкан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әркашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана иғілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетүші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Жиналыс соңында ата-аналарға тренинг ұйымдастырылды. Ата-аналарды шеңбер бойымен тұрғызып, тапсырмалар берілді. Соңында ата-аналар керібайланыс берді.

Шешімі:

1. Окушының жеке басының қалауына мән берілетін позитивті ата-ана қалыптасуда жұмыстар жасалсын.
 2. Республикалық, қалалық деңгейде жетістікке жеткен окушылар мектепішілік маралатқа ұсынылсын.
 3. Ата-ана мен бала арасындағы мәдениетті қарым-қатынас нығайтылсын.

Мектеп директоры Хатшы:

А.Шаяхметова
А.Абилова

